

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 786 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 22 сәуір N 621. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.08. N 941 қаулысымен.

Мемлекеттік құнды қағаздарды шығару мен оның айналысының тетігін тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді шығару, айналысқа қосу және өтеу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 786 (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 255-құжат) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының атауындағы және 1,2,3-тармақтардағы "мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді" деген сөзден кейін "МЕККАМ" деген сөзбен толықтырылсын;

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі үш, алты және он екі ай болатын мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерін шығару, айналысқа қосу және өтеу тәртібі туралы ережеде:

Ереженің атауындағы және мәтініндегі "мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерін", "мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелер" деген сөздерден кейін "МЕККАМ" деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"МЕККАМ" атауы қазақ тілінде "Мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме" деп оқылады;

7 - тармақта:

"резидент еместердің қатысу үлесін" деген сөз алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"резидент еместердің аукциондарға қатысу үлесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайды."

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

